

ТАҢҒАЖАЙЫП БҰЛ ӨМІР СЕЗІНГЕНГЕ

ҚазҰУ – жастарымның мекені екен,
Келгенде жарқырайды, бүгін көктем.
Келбеті, ұстаздары, студенттер
Қызығарлық бейне бар, мұнда неткен!

Адам дүние есігін ашқан сәттен бастап, түрлі кезеңдерден өтеді. Әрине, бірінші балалық кез, тәтті шақ. Одан кейін жастық шақ. Ол кезде өмірдің қайнаған кезеңі болар. Себебі, бойыңда күш-жігер бар. Міне, біздің Қазақ Ұлттық университетінің студенттері де осы жастық шақтың қызығында қазір. Бірақ біз оларға ол қызыққа ерімей, білім алып, еңбек ету керектігін үйретудеміз. Себебі, жастық шақ көзді ашып жұмғанша өтеді де шығады. Сол үшін, бұл уақытта өзіңе керектігінің барлығын үйреніп алған жөн. Өзің қай жақты қалайсың, кейінгі өмірің сол жаққа қарай бұрылары сөзсіз. Егер сен қызық қуып қыдырып жүрсен, кейін сол қыдырғаныңның жемісін жейсің, егер еңбек етіп, білім алып, өз ісіңмен айналысаң ертеңгі күн сол еңбектің нанын жейсің. Сол үшін осы сәттен бастап ойлан, бір шешімге келген жөн. Міне, осыны біз шәкірттеріміздің миына құйып келеміз. Олардың жақсы болғаны бізге мақтаныш, бізге қуаныш емеспе?! Сол үшін әрбір жасты осылай тәрбиелеуге тырысамыз.

Мухатай Максат, Казакбай Аян, Белисарова Ф.Б.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ОҚУ ОРЫНЫ ЖАЙЫНДА

«ҚазҰУ өзінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін көтеру және әлемнің 200 үздік топ университеті құрамына ену жөніндегі ел Президентінің тапсырмасын орындау жолында белсенді жұмыстар атқаруда. Бірнеше оқу бағдарламалары «EUR-ACE® Label» еуропалық сапа белгісін иеленген. ҚазҰУ қос диплом бойынша шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен 70-тен аса бағдарламаны жүзеге асырып отырған жалғыз университет», - деді ҚазҰУ басшысы өткен баяндамадалардың бірінде.

Экономиканы жаңғырту және өндіріске мамандарды даярлауға бағытталған 4.0 мемлекеттік даму бағдарламасы аясында осы оқу жылында ҚазҰУ-да қағида тұрғысында «Е-коммерция», «Сандық лингвистика», «BIG DATA», «Жасанды интеллект», «Геоинформатика», «Интернет бұйым», «Биоинформатика» және т.б. жаңа білім беру бағдарламалары енгізілді. Сондай-ақ, АХҚО және Бенхалиф Университетімен (Катар) бірлесе ислам қаржысы және банкинг бойынша бағдарламалар енгізілуде. Ағылшын тілінде 162 мамандық оқытылады.

Университет алдыңғы қатарлы тәжірибелер орталығына, инновация мен нақты өндірістің, ғылым мен білімнің ортақ трансфертіне айналуға. Ірі жоғары технологиялық корпорациялар университеттің зерттеу және білім беру жұмыстарына қарқынды араласуды. ҚазҰУ-да «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konica Minolta», «Fujitsu», «Samsung», «Alcatel», «Microsoft», «Лаборатория Касперского», «Huawei», «SAP» және т.б. әлемдік компаниялардың 16 ғылыми-білім беру орталықтары құрылған әрі сәтті жұмыс атқаруда.

Халықпен есепті кездесу барысында Ғалым Мұтанов Алматы қаласының тұрғындары мен БАҚ өкілдерінің, оқытушылардың, студенттердің және де олардың ата-аналарының сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар олардың тілектері мен ұсыныстары ескеріліп, тиісті қызметтерге нұсқау берілді.

Бұл дегеніміз, қара шаңырақтағы әр студент, бар жағдай жасалынған орында болашаққа нық, сенімді қадам басады деген үміттеміз!

Абдыкалиева Айжан,
Джунушалиев Владимир

МАҚСАТҚА ЖЕТУ АРМАҢНАН БАСТАУ АЛАДЫ

Бұл дүниедегі әрбір адамның өз армандары болады, соған жетсем екен деп қиялдайды. Арманға жету үшін ең алдымен мақсат қоя білу керек. Ал мақсатты орындау үшін талпыныс, қажымас қайрат, табандылық пен шыдамдылық, ұмтылыс қажет.

Менің де өз арман-мақсаттарым бар. Мен мақсатымның орындалатынына кәміл сеніп, оған табандылықпен ұмтылсам мақсатым орындалады деп ойлаймын. Алайда, мақсатқа жету - оны жай ғана орындау ғана емес, өз-өзіңді жетілдіру. Сол арқылы сенің ой-өрісің, күш-жігерің дамиды.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас.

Бұл кафедра сонымен қоса бірнеше жобалармен айналысады. Робот жасау, Атом жобасы, Жалпы салыстырмалық теориясы және тағы да басқа тақырыптар бойынша көкейде жүрген сұрақтарды осындағы кез-келген кісіге айтсаның қол үшін берері хақ. Бұл кісілерге қатысты айтылатын әңгіме өте көп. Себебі, алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

Копенбаева А.С., Жусупов М.А.

ПОСТДОКТОРАНТУРАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін іске асыра отырып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның жоғары оқу орындарының біріншісі болып постдокторлық бағдарламасын ашты. Бұл маңызды қадам университетті озық әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттеріне айналдыруға және әлемдік ғылыми-білім беру қоғамдастығындағы қазақстандық ғылымның бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыруға бағытталған.

Дүниежүзілік тәжірибеде постдокторантура институты жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлаудың тиімді нысандарының бірі, әрі ғылымның негізгі қозғалтқышы болып табылады. ҚазҰУ-дың жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін постдокторантура бағдарламасы ең алдымен ғылыми дәрежесі бар жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттырып, олардың жүргізген дербес ғылыми зерттеулерін тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер аясында және жоғары рейтингілі ғылыми басылымдарында жариялау арқылы өзектілігін арттыру мүмкіндігін береді.

Қазақстандағы постдокторантура бағдарламасын алғаш ашқан жоғары оқу орны ретінде ҚазҰУ талантты жас ғалымдарды қолдау үрдісін айқындап, университеттің индустриялық-инновациялық және білімге негізделген экономиканың орталығы ретінде қалыптасуының келесі кезеңін жүзеге асыруда.

Бұл жаңашылдық Қазақстан үшін қажетті ғылыми кадрларды даярлауға қатысты маңызды мәселелерді шешуге, жастарды «жылыстаудан» «тартуға» және «ғұламалардың айналымына» жұмылдыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама, сондай-ақ, ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметіне тек қазақстандық қана емес, сонымен бірге бүкіл әлемнің ғалымдарын тартуға септігін тигізетін болады және де отандық ғылымның әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне ары қарай интеграциялануына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта университет жоспарлы түрде алға жылжып, беделді әлемдік рейтингілердегі өз позицияларын нығайтуда, сондай-ақ заманауи ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар ірі зияткерлік корпорация болып табылады.

Темирова Акбота, Джунушалиев Владимир

ЖАСТАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Рухани дамуға байланысты көптеп айтып жатырмыз. Бірақ, осы тұста «Рухани жаңғыру» деген сөзді көбіміз ұға бермейміз. Осы сұраққа бүгін жауап беріп көрелік.

Қара шаңырақ ҚазҰУ-да «Рухани жаңғыру» шеңберінде бірнеше іс-шараларды өткізу әдетке айналған құбылыс. Себебі, күнделікті жастардың дамуы, өркендеуі, сандық технологияға деген қызығушылығы, осының бәрі Рухани жаңғыруға алып келеді.

Кеше Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бір сұхбатын тыңдап отырып, «Рухани жаңғыруға» керемет анықтама алғандай болдым. Онда, Рухани жаңғыруды былайша бейнелейді. Біздің жастардың бізден қарағанда әлеуметтік желіні, түрлі сайттар мен қажетті мәліметтерді игеруі жылдамдап барады. Күннен-күнге даму үстіндегі жастар «Рухани жаңғыру» үстінде емеспе?!

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласын оқып шығып, осындай ой түйдім. Оның айтуынша, бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн.

Жоғарыдағы жолдар бізге жастардың тұрақты дамуы қажеттігін айтады. Қазіргі таңда, біздің жастар бұл тұрғыда өте кең ойланатыны, тұрақты даму үстінде екендігі бізді қуантады. Ойын-сауық орталықтарына қарағанда кофеханаларда ноутбуктарын қолдарына алып, кітаптарын қолтықтап, дәптерлеріне бір нәрсені түртіп отыратын жастарды соңғы күндері көп кездестіретін болдық. Бұл да болса, біздің даму үстінде екендігімізді, жастардың біздің болашаққа үлкен пайдасы тиетіндігін көрсетеді.

Сөзімді қорыта келе, «Еңбектің наны тәтті» деп, жастарды еңбектенуге, білім іздеуге шақырамын. Өзіңізді кешегі өзіңізбен салыстырыңыз. Конкуренттік ұғымды жойып, өзіңізбен күресіңіз. Сонда, сізде сіз ойлағаннан да үлкен нәтиже болады.

Хусайнова Сымбат, Джунушалиев Владимир